

Қабылов Ә.Д.

ПАЙЫМ ПАРАСАТЫ

Қабылов Ә.Д.

МНЕНИЯ ИНТЕЛЛЕКТА

E.D. Kabylov

OPINION AND INTELLIGENCE

Әдебиеттің миссиясы – адамға ой салу, санаға сәуле түсіру. Әдебиеттің міндеті – адамға ой салу, санаға сәуле түсіру. Суреткер әдеби шығармадағы өмірді бейнелегенде, ерекше бір көркемдік шындықты дүниеге әкеледі және өзі де, оқырман да белгілі бір уақыт аралығында сол шындықтың ауқымында өмір сүреді. Бұл көркем шындық сөздер мен образдар арқылы жасалатын жасанды әлем болатындықтан, мұндағы сюжеттер мен қарым-қатынастар белгілі бір қисынға, әсемдік заңына, сөз сиқырына, жазушының суреткерлік мақсаты мен оқырманның қабылдау ырқына бағынатын ерекше сипат алады. Көркемдік шындықты сомдауда автордың өмірлік тәжірибесі, суреткерлік позициясы, танымы мен білігі, өмірлік құбылыстарды тәпсірлеу машығы көмекке келеді десек, солардың негізіне белгілі бір тілдік, мағыналық, психологиялық, философиялық жүйе тірек болмақ.

Ә.Кекілбаевтың көркем мәтіннің концептуальдық мәйегіндегі психологиялық талдауларды лирикалық иірімдер арқылы өзектендіретін, авторлық баяндаудың астарында кейде байыпты талдау мен кейде салмақты мысқыл, кейде ойлы әзіл жататын «Шеткері үй» повесі мен «Ақырғы аялдама» әңгімесін арнайы сөз етпекпіз.

Осы екі шығарманың өміртанытушылық проблематикасында әлдебір байланыс бардай көрінеді бізге. Бұл шығармаларда кейіпкерлердің субъективтік болмысына терең зерделей отырып, жалпы адам тағдырына алаңдаушылық бар екені анық. Ерке жастық пен еркін тірліктің буына елтіп, ақырында жалғыздықтың тауқыметін тартқан Зүһра мен өмір бойы қатаң тәртіпті ұстанғанымен, қай тұста қапы жіберіп, өмірдегі сыбағасынан құр қалғанын кеш ұғатын Бисенов тағдыры оқырманды ойлантпай қоймасы хақ. Кей пенденің тірліктен бұйырғанын алдым деп жүріп, уақытында мән бермей, енді жас ортасы таянғанда көп нәрсені кеш ұғынатын әдетін, қателіктердің опық жегізер нәтижесіне меңзейтін өмірлік мәселелерді көтеріп отыр автор.

Екі шығарманың атауында да символдық астар бар. Негі **шеткері** (үй)? Неге **ақырғы** (аялдама)? Мәтіннің атаулары тілдік көрінісімен кеңістіктік ұғымды бергенімен, концептуальдық тұрғыдан уақыттық мәнді өрнектейді. Кеңістіктің белгілі бір ауқымының шеткі, ақырғы нүктесін көрсетіп тұрған атаулар уақытпен өлшенетін адам

өмірінің де шау тартқан шағындағы жабығуы мен жалғыздықтың тақсыретін тартып, өмірмен қоштасатын ақырын меңзеп тұрған жоқ па?!

Екі шығарма да бір орнында тұрмай, сыныптай сырғыған уақыттың адам өмірінде қалдырар өшпес таңбасын меңзейді. Уақытында жете мән бермей, терең пайымдамаған өмірлік ақиқаттың түптің түбінде опық жегізер өкінішін тұспалдайды. «Қандай заманда да өз бақыты жолында күресе білмейтін адамның өз өмірін мазмұнды, мағыналы ете алуы еш мүмкін емес» (Ә.Кекілбаев) екендігін еске салады /1/.

Шеткері үй – бұл қаланың тау жақ шетіндегі шатырын тот басып құңгірттеніп кеткен қарағай үй ғана емес, өзінің жеке басының тыныштығын ғана күйттеп, оңашалыққа әбден бой алдырып, тасбауыр боп өмірден шет қалған, ақыры өлгенін де ешкім білмей, өлігін төрт-бес күн өткесін пошташы кемпір тауып алатын бейшара Зүһра!

Ақырғы аялдама – бұл мекемесі мен үйінің арасына қатынайтын маршруттың ақырғы аялдмасы ғана емес, өмір бойы қыр соңынан қалмаған жымысқы күлкінің астарлы мағынасын кеш түсініп, жасы жер ортасына келгенде жанын жегідей жеген жұмбақ күлкінің сырын кеш пайымдап, өзін қор тұтатын байғұс Бисеновтің адыра қалған арманы мен ақырғы ой тұйығы!

Орыстың айтулы ғалымы М.Бахтиннің Ф.Рабле күлкісінің сырын пайымдағанда «не смеющийся смех» (күлмейтін күлкі) деген терминді қолданатыны бар. Аталмыш екі шығармадан да осындай «күлмейтін күлкінің» табын байқаймыз. Шынында да, мұндағы күлкі құбылыстарының көбісі оқырманды күлдірмейді, қайта мұнайтады, өмір-тіршіліктің оңайлықпен бой алдырмас иірімдеріне бойлатады. Жазушының қашан да қаузап ойлайтын, қазып айтатын суреткерлік таланты бұл шығармаларында да адамның ішкі сыры мен психологиялық жан күйзелісін терең зерделетіп, оқырманын қалың ойдың құшағына иіріп әкетеді. Адамның жетістікті тұстарымен, мінезінің көшелі қасиеттерімен қатар, көлеңкелі жақтарын да қамтып, олардың арасалмағын безбендейді, алайда қатаң үкім шығармай, өмірдің өз суретін береді.

Бұл шығармалардағы авторлық интенциядан танылатын ойлы әзіл мен астарлы ирония да нақты жағдайларға, негізінен кейіпкерлердің іс-әрекеті мен ой-танымдарына, солардан

туындайтын ортақ нәтижеге, өмір сабағының оймен пішілгенмен, көркем дәлелденген қорытындысына бағытталып отырады. Мұндай элеуметтік пайымдау лебінде астасып жататын ирониялық стиль автордың өзі суреттеп отырған нақты өмір құбылысына тұрақты сыни баға беру дағдысы мен тілдік оралымдарды қажетінше ойнақы қолдануды талап етеді. Мұндай ирония туралы В.Е.Хализев былай деп жазады: «Наряду с универсальной иронией, направленной на мир и человеческую жизнь в целом, существует (и является весьма продуктивной для искусства и литературы) ирония, порождаемая восприятием и осмыслением конкретных, локальных и одновременно глубоко значимых противоречий жизни людей и их исторического бытия» /2,79/.

«Шеткері үй» повесінде Зуһра кемпірдің өткен күндерін еске түсіруі лирикалық шегіні арқылы шолынады. Орталық кейіпкердің сөздері ашық монологтық немесе диалогтық формаларда тікелей көрінбегенімен, авторлық баяндаудың өзі негізінен кейіпкер ойымен, еске алуымен, елестетуімен тоғысып жатыр. Осындай қос арналы, тоғыспалы стильдің бір ерекшелігі – мұнда кейіпкердің бүкпесіз ішкі сыры, психологиялық халі суреттелумен қатар, автордың баяндау ырғағынан аңдалатын көзқарас, баға беру екпін-интонациясы негізінен әзілдік сурет-өрнектер мен астарлы мысқыл-кекесіннен көрініп отырады.

Повестегі бас кейіпкер Зуһра – қаладағы ірі дүкен иесінің оң қолы Қара Махмұттың бірінен-бірі өткен сұлу үш қызының кенжесі. Жасынан сыландап ерке өскен Зуһраның жігіт біткен соңынан қалмай, көзін сататындығы түсінікті. Үйіне жігіттердің келгіштеп кеткеніне қуанатын шешесі татар қара кемпірдің қызына айтатын ақылы мынау: «Бұл еркектердің көркіне қызықпай, бөркіне қызық. Көрік әйелдерге керек. Ал бөрік еркектің абыройы мен дәулетін көрсетеді. И, и сендер қайдан білейін деп едіңдер. Бұл еркек дегендердің көзге көрінбейтін екі, көзге көрінетін үш қасиеті болады. Көзге көрінбейтін бір қасиеті ақылы, екіншісін әлі бастарың жас, айтуға болмайды. Ал көзге көрінетін үш қасиеті: бетіндегі айбаты, қолындағы қайраты, қалтасындағы дәулеті. Көзге көрінбейтін қасиеттерін қателессендер оқасы жоқ, бірақ көрініп тұрған қасиеттерінен қате жібермендер. Әйел пақырдың бағы жанбайын десе сөйтіп қара басады. Құдайым сендерді тек сондай масқарадан аман қылғай» /3,175-176/.

Сөйтіп жүргенде Зуһра Жәнібекке бұйырады. Кісіге көңілі біте бермейтін Қара Махмұттың күйеу баласына дегенде көңілі бөлек. Төбесі көкке жеткендей. Өттең, бұлардың бақыты баянды болмай шықты. Жәнібек соғыс басталысымен майданға аттанып, содан оралмады. Артында жалғыз тұяғы Әлібек қалады. Баласының қазасынан кейін Қара Махмұт та көп ұзамай о дүниелік болады.

Шешесінің ақылымен баласы Әлібекті қиырдағы Нахимов училищесіне оқуға аттандырған Зуһраның мұнан кейінгі өмірі өз бойын түзеп, жеке басының қызығы мен күйін күйттеумен өтеді. Ауылдан арқаланып келген, туды-бітті көрмеген Жәнібектің ағайындарымен де жөн сұрасып жарытпады: бір түнді қалай өткізерін білмей тықыршып шығады. Араға жылдар салып демалысқа келген ересек Әлібегін де жатсынып қалған – бөтен адам секілді, қысылып-қымтырылып, әбден абдырайды, өз үйіне өзі сиюдан қалады. Теңіз офицері баласы екі аптадай болып, қызметіне қайтады.

Тек әйел затының табиғи тілегі ғана Зуһрадай сұлуды еркекпен байланыстыратын жалғыз ғана арқау болып қалды. Автор еркектерді кейіпкердің көзімен сипаттағанда юморлық бояумен күлкілілік мән үстесе, оның астарында Зуһраның дүниетанымы мен ішкі болмысына деген мысқыл жатыр. Оқырман шығармадағы сын астарын осындай бір қарағанда жаймашуақ, алайда астарына сыншылдықпен сыр бүккен мысқыл-кекесіннен аңғарады.

Кейіпкеріміз еркекті тану ғана емес, оларға қалай қарап, қандай амал-айла істеу керектігін де бір кісідей меңгерген: «...Еркекті тану үшін сұлу әйелге көзін ойнатып, ернін жылжитқаннан артық қимыл, артық еңбектің қажеті шамалы. Соның өзі-ақ талай-талай талтаңбайдың көкірегінде не бар, не жоғын қолмен ұстатқандай жарқыратып жайып салады. Бір жымығаныңнан-ақ көзін алып қашып, қызара жөнелсе – ұялшақ. Оңиң қуаламасаң, ол қуаламайды. Жымығаныңда ыржаңдап, соңына еріп, артына сырт айнала беріп, қабағыңды түйгенде әлгі екі езуі екі құлағыңдағы жайран күлкісі жым-жылас жоғалса – қорқақ... Жымығаныңда тура ұмтылып, қабағыңды түйгенде одан сайын өзеурей жөнелсе - әумесер... Жымисаң жымыып, қабағыңды түйсең жік-жаппар боп, бәрібір соңыңнан қалмайтындар – нағыз су ауыз сүмелектер. Олардың сезімі балықтың майындай күлімсі де жылымшы, олардың сүйгені сүліктің қадалғанындай жиренішті де қорқынышты. Жылмиғаныңда жылпылдап, қабағыңды түйгенінде жаутаңдап, қайтадан қабағың жадырағанда қайтадан құрақ ұша жөнелетіндер - нағыз ұзын бұйда, кең тұсау бозтайлақ бозымбайлар. Олар қайда жетелесең сонда жүреді. Әйелдерді өзін-өзі ұмытып беріліп сүю, әйел жолында басын жоғалту тек сондайлардың ғана қолынан келеді» /3,200/. Осы жолдардан-ақ автор сатирасының сынық салғандай сылап-сипалап отырып-ақ, диттеген межесін дөп көздеп, кейіпкер ойымен әшкереленуші нысанды (құбылысты) жайратар жай оғындай күш-қуатын бағамдаймыз.

Сондай еркектердің бірқатары Зуһраның да өмір жолында (өмір деуге ауыз барса!) жолығып, аз-кем дәмдес болатыны бар. Бірақ, Күзембаев, Себепбаев, Себепбаевпен бақас ғалым шал, қоңқақ мұрын көлтабан офицер, аузы құрғамайтын теңге мұрт ақын – осының бәрі

өздерінің табиғи миссиясын өтегенмен, көп тұрақтамайтын, құштарлық бекетіне бір-бір дамылдап кететін уақытша қонақ ретті ғана.

Бұлардың қай-қайсысының да өзіндік әдет-дағдылары мен мінез-машықтары бар. Автор мұндай эпизодтық кейіпкерлердің әрқайсысын бірер сөз, бірлі-жарым деталь-штрихтармен таныта кетеді. Олардың мінез қырларымен қатар, кейбір реттерде ой-танымы мен өмірлік ұстанымдарын да назардан тыс қалдырмайды. Бұны көрсе, шашының арасындағы құйқасына дейін ду қызарып шыға келетін, жарғақ құлағы одан сайын қалқия түсіп, ыңырысып бипаз сөйлейтін момын сары Күзембаев, қысы-жазы тақиясын тастамайтын, ит қуған тауықтай тызақтап шауып жүретін Себепбаевпен бақас шошаңбай мылжың ғалым шал, аузынан шыққан әр дыбыста ызыңнан гөрі ысқырық көбейіп кететін, келген-кеткенінде сұқты көзімен бұрыш-бұрышты тінтілеп бағып, Зуһраның еркін тіршілігін шектей жаздаған бәлденген қоңқақ мұрын офицер, қанша ішсе де, мұнтаздай боп таза жүретін, «қаламақы төлемеген жерге сөз шығындамайтын» сөзге сараң, күніне бір-ақ рет, онда да түн ортасында «Рахмет!» айтуды ғана білетін теңге мұрт ақыннан кейін бұл үйге еркек кіндік басын сұғуды қояды.

«Бір шоқ гүл мен бірер шампанның обалына қалып», «құрметті демалысқа» шыққан Зуһра үлкен қаланың шет жағындағы қарағай үйінде қабаған итімен оңаша қалады. Әйелдің ит жетектеген ғұмыры да ұзаққа бармады. Зуһра иті өлген күні ғана өксіген баса алмай ұзақ жылайды. Өмірі егіліп жылағанын осы болар! Итін көше сыпырушы шалға көмдіргеннен кейін абажадай үйде жалғыз қалады.

Зуһра кемпірдің өткен күндерін есіне түсіргенде: «О да бір дәурен екен-ау. Өтіп бара жатқан... («өмір-ай!» деуге аузы бармай) күндер-ай!» - деп күрсінетіні көркем мәтінде бірнеше жерде қайталанады. Бұл – кейіпкердің өткен күндерін елестеткенде ойына оралатын ең бір маңызды сәттеріндей қабылданады.

Шығармада жалғыздық мәселесі жалаң суреттелмей, оның бастаулары мен тірелер тұйығы, себептері мен салдары жан-жақты қамтылады. Мұның бәрі психологиялық талдаудың көмегімен жүзеге асып отырады. Ғалым Т.Сыдықов айтқандай, «Психоанализ – көркем әдебиеттің зерттеу әдістемесі. Өйткені, ол адамның жан-жүрегіне үңіледі. Адам жанының иірімдері, тылсым тұңғиығы, нәзік тебіреністері, томаға тұйық сырлары адамның ішкі әлемінде бүгүлі, бүркеулі жатады. Сол басқаның көзімен қалтарыстағы сана мен сезім ағысын тек қуатты қалам иесі ғана көрмек, кестелемек» /4,178/.

Шығармада автордың байыпты баяндау арнасында ара-тұра нақты көрініс-құбылыстарды ойнақы әзіл тілмен ұшықтап, әзіл-мысқылмен сипай өтіп, езу тартқызып отыратыны жиі ұшырасады. Мысалы: «...Күні бойы топырлатып торға қамап қойған ақ сазандардай кеңсе-кеңседе

жіпсіз байланып отырған көп балтыр көшеге атып-атып шығады» /3,172/; «Жалпы ол үйдің дастарқанына қарап ұйғырдың үйі, дастарқан басындағы әңгіме сыңайына қарап татардың үйі деп қалатынсыз. Анда-санда айлапат кең қораның түп жағында үйіліп жататын түйенің құмалағы мен Қара Махмұттың тамаққа тойып алған соң, терезені ашып қойып, үсті-үстіне кекіретіні ғана бұл үйдің қазақтарға да аз-мұз қатысы жоқ еместігін байқататын» /3,175/; «Жарық сөнгенше өз көлеңкесінен өзі ұялғандай күйбендеп жүріп алған әйелі шам өшер-өшпесте бос кереуетті көрмей, «иә, құдайлап» күйеуінің қасына күмп бергені. Бейшара кереуеттің былқылдақ торы бауырымен жер сыза тоқтады. Бөлек кереуетке жататын әдептен қонақ әйел қандай бейхабар болса, күйеуі тірі әйел бөлек төсек түгілі бөлек жастық жастанбайтын әдеттен үй иесі әйел сондай бейхабар-тын. Оған қайқы тіс әйелдің біреу қараңғыны пайдаланып, күйеуін иемденіп қоятындай, жанына барып жарбыып жатып алғаны тіптен сөлекет көрінді» /3,194/.

Жазушының әлеуметшілдік, қоғамшылдық позициясының бір арнасы осы жолы жеке адамның өз бақыты жолындағы күресінің қарапайым қағидасын естен шығарып, бетінің әрі барда келешегін ойламаған әйел тағдыры арқылы отбасы қызығынан шет қалу, ұрпақ тағдырына немқұрайлылық, пенделік томаға-тұйықтық, өзімшілдік, қоғамнан алшақтау секілді біздің бүгінгі өмірімізде орын алып отырған әлеуметтік-психологиялық мерездердің белгілерін нақты жағдайды пайымдату арқылы келісті көрініс табады. Жастықтың алдамшы жалынына масайраған, өмірдің қызығына мастанған эгоцентрик, сөйте тұра өмірге есесін жіберген әйел Зуһра тағдыры оқырманын немқұрайлы қалдырмайды.

Жазушының «Ақырғы аялдама» әңгімесі де – психологиялық шығарма. Бас кейіпкердің өмір жолын шола отырып, мінезінің бір қырын, онда да бүкіл өмірінің беталысына кері әсер еткен, асқақ армандарына батыл ұмтылып, күш-қайратын орнына жұмсап, өмірден өз орнын алуына кесірін тигізген елеулі қырын – шектен шыққан момындық, ұялшақтықтан туындайтын батылсыздық мінезі, жігерсіздігі психологиялық тұрғыдан жеріне жеткізе талданады.

Шығарманың басында Бисеновтің күнделікті машығымен, жұмыстағы тәртібімен, үй-тұрмыстағы дағдысымен біршама, бірақ қаныға танысамыз. Бас кейіпкер Бисенов, бір қарағанда – жағымды-ақ кейіпкер. Оның тұл бойынан «әттеген-ай» дейтіндей бір мін таппайсың. Үлкен бір мекеме аузына қарайтын жетекші бөлімнің бастығының орынбасары. Білікті маман. Жұмысына тиянақты. Үлгілі отағасы. Жұрттың жазып әкелетін қағазын місе тұтпай, өзі қайта жазып шығатын, жұмысына қылдай болса да кінәрат түсірмеуге тырысатын еңбектің нағыз бәйгеторысы. Институтты жақсы бітіріп, бірден

треске аға инженер боп тағайындалған оның ешбір ісінен шикілік шығып көрмеген.

«Бисеновтің дүниеде ең қорқатыны – жұрттың аузындағы сөз бен езуіндегі күлкі. Әңгіме шығатын, күлкі туатын жерден алты көш алыс жүреді». Осы детальдың өзі кейіпкер болмысындағы ең осал буынды әйгілеп тұр. Баяндалатын уақиға мен кейіпкер характері осы детальдың сырын ашып, мәнін әшкерелейді.

Бисенов қатаң тәртіпті жақсы көреді, істейтін нәрселерінің бәрін алдын-ала кесіп, пішіп, есептеп, жоспарлап қоюға дағдыланған. Тіпті автобуста отыратын орнына дейін білгілі. Осы режимді ешқашан бұзғысы жоқ. Өзінің момақан тірлігін мият тұтып, осылай жүре берер ме еді, қайтер еді, егер де бала күнгі арманы болған Құралай автобуста кездейсоқ ұшырасып, мұның жан-дүниесінің астан-кестенін шығармағанда. Осы бір көмескіленген бейне оның ұзақ тарихын көз алдынан өткізеді. Өткен өміріне ой жіберіп, бәрін рет-ретімен байыптап, мұның соңына түскен жымысқы күлкінің сырын ашады. Баяғыда Есеновке: «Ақымақсың, Есенов! Неткен ақымақ едің!» - деп айта алмай кеткен сөзін енді құлағының дәл түбінен біреу өзіне айтқандай болады.

Сөйтсе, «аяу мен мысқылдың жиренішті қосындысынан тұратын осы бір жексұрын күлкінің аты – мүсіркеушілік» екен. «Жұрт тек сүйсінуге де, жек көруге де тұрмайтын бейшара адамдарды ғана мүсіркейді екен. Сорлылығын құстаналай отырып мүсіркейді екен».

Осы жымысқы күлкіде бір әділдік барына да бүгін көзі жетті. Соны уақытында сарапқа салып, пайымдай алмауы батылсыздығынан екенін де ұқты. Бұл жымысқы күлкі «үзілген үміт, орындалмаған армандарға үнсіз оқылатын дұға екен. Бұл дүниеде өмірлік мақсатқа айнала аламай, белді бекем буып кірісетін тәуекел таба алмай шәйт кеткен ізгі үміт, жақсы армандардан обал не бар тәйірі! ...Дүниедегі ең қара бет опасыздық көкірегіне уыз боп ұйыған ізгі арманның алдындағы опасыздық көрінеді».

Ойлап отырса, аңғал да албырт Құралай «көзіне ыстық көрінген аяулы жанның қайдағы бір даңғой мақтаншаққа оңай қолжаулық боп кеткенін кешіре алмапты». Талайды көрген жырынды профессор Жантазин мұның жасық екенін бірден сезсе де, ұзақ тексеріп, біраз сынап көріпті. Ақыры күдерін үзіпті. Алғыр болмаса да жігерлі, дегеніне жетпей тынбайтын Саурықовты аспирантураға қалдырыпты.

Әңгімедегі «барлық жақсы нәрсені таласып жүріп жеңіп алатын жүлдедей көретін» Ертай Есенов пен «аспандағы айды алам десе, алмай тынбайтын» Саурықовтар – Бисеновтың антиподтары.

Бисенов – қайшылықты тұлға. Өз ісін тәуір меңгерген, білімге зерек, әр нәрсені терең пайымдай алатын ақыл-зердесі мықты болғанмен, жасық та жігерсіз. Сол жігерсіздігінен қолындағы бардан айырылып қалатын сормандай. Балалық шақтан арман болған Құралайға жан сезімін айта алмай, өмір бойы өкініш қысып келсе, бұған сеніп артып, аспирантураға қалдырмақ болған профессор Жантазинге де ойындағы тұжырымды жауапты айтуға жүрегі дауаламады.

Әңгіменің басынан аяғына дейін сайқымазақ күлкі – самоирония желі тартып отырады. Прозадағы лиризм осы самоирониямен астасып адамның ішкі психологиясын мысқылмен ашатын талдаушылық көзқарасты жайып салады. Әңгімедегі «жымысқы күлкі» - шығарманың концептуальдық жүгін көтеріп тұрған образ-символ. Осы «жымысқы күлкінің» астарында терең мән бар. Адамның өмір жолындағы талай шырғалаңдардың, тағдыр талайының себептік-салдарлық мәнін ашуда осы бір символ ерекше қуатпен қарқын алып, «адамтанытушылық» қызмет атқарады. Адам табиғатында елеусіз ештеңе болмайтынын, жете мән берсек, кез келген құбылыстың, тіпті әрбір «күлкі құбылысының» астарында сыздаған сыр жататынын дәлелдейтін тамаша символ. Және бұл деталь ретінде жай ғана жолай кезігіп, шығарма сюжетіндегі бір сәттік «қызметін өтеуге» ғана емес, әңгіменің бүкіл композициялық-мазмұндық арқауындағы ең өзекті мәселені оқырманға тереңірек жеткізуге, көркемдік қуатпен сезіндіруге апаратын ерекше қолданыс.

Шығарманың концептуальдық түйіні «Кісіге мынау қара жерді қалтырамай нық бастыратын ойыңа алған мақсат жолында белді бекем бұған нар тәуекел мен орындалған арман екен ғой» деген сөйлемдегі ғибратты ойда жатыр. Жазушы әлеуметтік құбылыстың психологиялық аспектісін зерттейді, адамға деген махаббат, оның қателіктерін қайталамауы мен болашағына деген сенім – жазушы шығармашылығының орталық тақырыбы. соларды оқи отырып, оқырмандарын уақыт туралы, өзі туралы ойлантады. Өйткені, әдебиеттің міндеті де сол - «сергелдең жүректі басу, бейқам жүректі ояту» /1/.

Әдебиет:

1. Ақиқаттың мекені – жүрек // Егемен Қазақстан. 6 желтоқсан, 2002.
2. Хализев В.Е. Теория литературы. М., Высшая школа, 2000.
3. Кекілбаев Ә. Таңдамалы. I том. Роман. Повестер. Алматы. Жазушы, 1989.
4. Сыдықов Т. Қазақ тарихи романы. Алматы. Ер-Дәулет, 1996.

Рецензент: д.филол.н., профессор Байгазиев С.Б.